

«№5 «Аққу» бөбекжай бақшасы» КМҚК

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сенсорика

Тақырыбы: «Дөңгелек күн»

Өткізген: Ғинаятова Г.Қ.
Кіші №2 «Балбөбек» тобының тәрбиешісі

Атырау 2022 ж.

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сенсорика.

Тақырыбы: «Дөңгелек күн»

Мақсаты: Әр түрлі заттарды түсі және пішіні бойынша сәйкестендіре алу дағдыларын бекіту. Балаларды дөңгелек пішінімен таныстыруды жалғастыру. Балалардың ойлау қабілетін, танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Заттар арасынан дөңгелек пішініне ұқсас заттарды таба білуге үйрету. Заттардың көлеміне, пішініне, түсіне қарай топтап ажыратып білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балаларды қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Пішіндер, үлестірмелі құралдар.

Қолданылатын әдіс - тәсілдер: Сұрақ - жауап, көрсету, ойын ойнату.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

Шатық шеңбер:

Күнім күліп арайлы,
Тереземнен қарайды.
Достарыммен шеңберге,
Тұрғанымды қалайды.

Жұмбақ жасыру.

Таңмен көзін ашады
Әлемге нұрын шашады.
Үлкен алтын табақтан
Әлемге нұрын таратқан.

(Күн)

-Балалар, қараңдаршы ауа-райы тамаша болып тұр екен.

-Аспанда не шығып тұр?

-Дұрыс айтасыңдар күн шығып тұр.

Күннің түсі қандай?

-Сары

-Күннің көзі жарқырап шыққан кезде табиғат
күлпырып, гүлдер, шөптер, құстар, жануарлар, адамдар
ұйқыдан оянады және өздерін қуанышты сезінеді.

-Балалар, аспанда күн болмаса, дала қандай болады?

-Қараңқы болады.

-Күн бізге, жерге жылуын шашып тұрады.

Жұмбақ жасыру.

Көлеңкесінен қорқып безектейді,
Ал оның баласын көжек дейді.

(Қоян)

Тәрбиеші: - Дұрыс айтасыңдар, балалар, бұл қоян.

Осы кезде есік қағылады.

Топқа қоян келеді.

Қоян: - Сәлеметсіңдерме, балалар! Балалар, мен мына жерден өтіп бара жатып мен туралы айтып жатырғандарыңды естіп қалдым. Сосын сендерге соғайын деп ойлады.

-Балалар, бізге кім келгенін қарандаршы?

-Балалар, қоянмен амандасып алайықшы.

Тәрбиеші: - Қош келдің, төрлет.

Қоян: - Балалар, мен орманда келе жатып жолдан кишкентай қорапша тауып алдым. Қораптың ішіндегі заттарды не екенін білмедім?

Тәрбиеші: Олай болса қорапта не бар екенін бірге көрейік. Қораптың ішінен пішіндер шығады.

Балалар пішіндерді атайды.

Қоян: -Балалар, менің киімдерім ағаштың бұтағына ілініп қалып жыртылып қалды. Енді, не істесем екен?

Тәрбиеші: - Қоян сен қапаланба. Біздің балалар саған көмектеседі.

Дидактикалық ойын: «Киімдерді жамау»

Қоян: -Балалар, сендерге көп рахмет!

Сергіту сәті.

Қоян кәне, билеші,

Секіріп былай билеші.

Айналып бір қарашы,

Неше айналдың санашы.

Секіріп әне, жатыр,

Өзі мықты, батыр.

Дидактикалық ойын: « Пішіндерге қандай заттар ұқсайды?»

Дидактикалық ойын: «Түсіне қарай орналастыр»

-Балалар, біз қоянның достарына түрлі-түсті шар сыйлайық. Ол үшін мына шарларды түсіне сәйкес орналастырамыз.

Қоян: - Балалар, сендерге көп рахмет, менің достарым қуанып қалатын болды ғой.

Қоян: -Балалар, мен орманға қайтатын уақытым болды.

-Балалар, енді қоян орманға қайтқысы келіп тұр. Біз қоянды құр жібермейік.

Оның достарына сыйлық беріп жіберейік.

Қоянмен қоштасайық.

Қорытындылау.

-Балалар, бүгін бізге кім қонаққа келді?

-Біз қоянға қалай көмектестік?

-Қоянның достарына не сыйладық?

Балаларды мадақтау.